

## Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға арналған ақша қаражатын төлеу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 наурыздағы № 306 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 381 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.30 № 381 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Заңының 123-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға арналған ақша қаражатын төлеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 11 наурыздағы  
N 306 қаулысымен  
бекітілген

Республикасы  
жылғы 11  
наурыздағы  
қаулысымен

**Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды)  
асырап-бағуға арналған ақша қаражатын төлеу  
Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға арналған ақша қаражатының ай сайынғы төлемдерінің тәртібі мен мөлшерін белгілейді.

2. Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап- бағуға арналған ай сайынғы ақша қаражатының төлемі олардың ата- аналық құқықтарының шектелуіне немесе айрылуына, ата-аналарды хабарсыз кеткен деп тануға, оларды қайтыс болды деп жариялауға, әрекет етуге қабілетсіз (әрекет ету

қабілеті шектеулі) деп тануға, ата-аналардың бас еркінен айыру орындарында жазаларын өтеуіне, ата- аналардың баланы тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мұдделерін қорғаудан жалтаруына байланысты, оның ішінде ата-аналардың өз баласын тәрбие немесе емдеу мекемесінен алудан бас тартқан жағдайда ата-аналарының бірінің немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған балаға жүргізіледі.

## **2. Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға арналған ақша қаражатын төлеу тәртібі**

3. Патронат тәрбиешіге берілген баланы (балаларды) асырап- бағуға арналған ақша қаражатын төлеу патронат тәрбиеші мен қорғаншылық қамқоршылыққа алу органы арасындағы Баланы (балаларды) патронатқа тәрбиеге беру туралы ұлғи шарт (қосымшаға сәйкес) жасасу негізінде ақша қаражатын тағайындау туралы шешім шыққан күннен бастап жүргізіледі.

Патронат белгіленген жағдайда патронат тәрбиеші қамқорлыққа алынушы есепте тұрған қорғаншылық және қамқоршылық органына ақша қаражатын тағайындау туралы жазбаша өтініш және осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген құжаттарды береді.

4. Балаға ақша қаражатын алу үшін патронат тәрбиеші баланың тұратын жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органына:

- 1) ақша қаражатын тағайындау туралы өтініш;
- 2) баланың туу туралы куәлігінің көшірмесін;
- 3) балаға ата-аналарының бірінің немесе екеуінің де қамқорлығының жоқтығын (ата-аналарды ата-аналық құқықтан айыру туралы сот шешімі, өлімі туралы куәлік және басқалар) растайтын құжаттардың көшірмесін;
- 4) баланың білім беру үйімінде оқитындығы туралы анықтаманы;
- 5) патронаттың тәрбиеші мен қорғаншылық және қамқоршылық органы арасындағы шартты ұсынады.

5. Қорғаншылық және қамқоршылық органы патронат тәрбиеші өтініш берген сәттен бастап 15 күндік мерзімде ақша қаражатын тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның көшірмесі патронат тәрбиешіге беріледі.

6. Ақша қаражаты, меншік нысандарына қарамастан, білім беру үйімдарында толық мемлекеттік қамтамасыз етуде тұрған қамқорлыққа алынған балаларға төлеңбейді.

Қорғаншылық пен қамқоршылық органының қамқорлыққа алынушыға ақша қаражатын тағайындаудан бас тартуы туралы шешіміне патронат тәрбиеші сотқа шағымдана алады.

7. Патронат тәрбиешіге баланы (балаларды) асырап-бағуға көзделген ақша

қаражатын төлеу қорғаншылық және қамқоршылық органының шешімі мен патронат тәрбиеші мен қорғаншылық және қамқоршылық органы арасындағы шарттың негізінде облыстардың (қалалардың, аудандардың), республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беру басқармаларының жергілікті органдары арқылы жүзеге асырылады.

8. Қамқоршылыққа алынушыға арналған ақша қаражаты патронат тәрбиешіге ай сайын толық мөлшерде өткен айдың 15-күнінен кешіктірмей, облыстардың (қалалардың, аудандардың), республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беру басқармаларының жергілікті органдары арқылы қорғаншылық және қамқоршылық органы төлеиді.

9. Қамқоршылыққа алынған балаға арналған ақша қаражаты, оның туған айын қоса алғанда, қамқоршылыққа алынушы 18 жасқа толғанға дейін, оларды төлеуді мерзімінен бұрын тоқтатуға соқтыратын жағдайларды қоспағанда, тағайындалады және патронат тәрбиешіге төленеді.

16-дан 18 жасқа дейінгі оқып жүрген қамқорлыққа алынушыға ақша қаражаты патронат тәрбиеші үлгісіне, түріне және ведомстволық бағыныстырығына қарамастан, білім беру ұйымынан анықтама ұсынған жағдайда төленеді. Анықтама оқу жылында екі рет қазанның 1-нен 15-не дейін және наурыздың 1-нен 15-не дейін беріледі.

10. Денсаулық жағдайына байланысты оқымайтын және жұмысқа орналаспаған (медициналық қорытындысы болған кезде) және жұмыс орнының жоқтығына немесе өзге де негізdemелерге байланысты жұмыс істемейтін 16-дан 18 жасқа дейінгі қамқорлыққа алынған балаларға ақша қаражатын төлеу кезінде патронат тәрбиеші тоқсан сайын ақша қаражатын төлеуді жалғастыру үшін осы негізdemелердің барлығын растайтын тиісті құжаттарды қорғаншылық және қамқоршылық органына ұсынады.

### **3. Патронат тәрбиешіге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға арналған ақша қаражатын төлеу мөлшері мен тоқтату негізdemелері**

11. Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға арналған ақша қаражатының төлемі ай-сайын (патронат тәрбиеші мен қорғаншылық және қамқоршылық органының арасында шарт жасалған күннен бастап) мынадай мөлшерде жүргізіледі:

мектеп жасына дейінгі бір бала үшін тамақтану - 6 айлық есептік көрсеткіш;  
мектеп жасындағы бір бала үшін тамақтану - 7 айлық есептік көрсеткіш;  
бір баланың киім-кешегі, аяқ киімі, жұмсақ мүкәммәлі - 3 айлық есептік көрсеткіш .

12. Патронат тәрбиешіге ақша қаражатын төлеу мынадай негіздемелер бойынша тоқтатылады:

- 1) қамқорлыққа алынушының көмелетке толуы;
- 2) қамқорлыққа алынушының толық мемлекеттік қамтамасыз ету үшін тәрбие, емдеу мекемесіне, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығының қалған балаларға арналған халықты әлеуметтік қорғау мекемесіне және басқа да ұксас мекемелерге орналасуы;
- 3) қамқорлыққа алынған баланы асырап алу;
- 4) көмелетке толмағанның жұмысқа орналасуы;
- 5) патронат тәрбиешінің өз міндеттерін атқарудан аластатылуы;
- 6) шарт мерзімінің өтуі немесе мерзімінен бұрын бұзылуы.

13. Ақша қаражатын төлеуді тоқтату қорғаншылық және қамқоршылық органының шешімі бойынша, төлемді тоқтатуға әкеп соқтырған жағдайлар туындаған айдан кейінгі айдан бастап жүргізіледі.

14. Ақша қаражатын төлеудің тоқтатылғаны туралы патронат тәрбиешіге шешім қабылданған күнінен бастап бір айлық мерзімде қорғаншылық және қамқоршылық органды хабарлайды.

15. Патронат тәрбиешілерге жүктелген баланы (балаларды) асырап-бағу, тәрбиелеу және оған білім беру міндеттерін орындауды қорғаншы және қамқоршы орган жүзеге асырады.

#### **4. Қорытынды ережелер**

16. Патронат тәрбиеші уақытылы алмаған есептелген ақша қаражаты, егер ол үшін өтініш қамқорлыққа алынушы 18 жасқа толғанға дейін берілсе, онда өткен кезең үшін төленеді.

Корғаншылық және қамқоршылық органының кінәсінен алынбаған ақша қаражаты барлық өткен кезең үшін төленеді.

17. Заңсыз төленген және алынған ақша қаражаты, егер артық төлем алушының тарарапынан теріс пайдаланудың нәтижесінде болса, патронат тәрбиешіден өндіріліп алынаады.

Артық төленген қаражатты өндіріп алу сот шешімінің негізінде жүргізіледі.

18. Патронат тәрбиеші қорғаншылық және қамқоршылық органын өзінің көшіп-қонуы туралы хабардар етеді. Қамқоршылыққа алынушыға ақша қаражатын алатын патронат тәрбиеші көшіп-қонған жағдайда, төлемді қамқорлыққа алушының жеке іс қағаздарын алғаннан және оны тіркегеннен кейін қорғаншылық және қамқоршылық органы жаңа түрган жері бойынша жүргізеді.

19. Қамқорлықтағы балалардың тамағына, киім-кешек, аяқ киім, жұмсақ

мүкәммал сатып алуларына ақша қаражатын тағайындау және төлеу жөніндегі құжаттар қорғаншылық және қамқоршылық органында қамқорлыққа алынушылардың жеке іс қағаздарында сақталады.

Патронат тәрбиешілерге баланы  
(балаларды) асырап-бағуға арналған  
ақша қаражатын төлеу ережесіне  
қосымша

## Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру туралы үлгі шарт

200 ж. "—" —

(қала, аудан) N \_\_\_\_\_

1. "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Заңы 100-бабының негізінде іс-әрекет ететін қорғаншылық және қамқоршылық орғаны

атынан  
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)  
және азаматтар (-т,-ша)  
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты, төлкүжаттық деректер)  
мекен-жайда тұратын  
( м е к е н - ж а й ы )

бұдан әрі - патронат тәрбиеші (патронат отбасы) деп аталатын төмендегілер туралы осы шартты жасасты:

### Шарттың мәні

2. Қорғаншылық және қамқоршылық органы патронат тәрбиешіге (патронат отбасына)

(тегі, аты, әкесінің аты)  
тәрбиелеуге ал патронат тәрбиеші (патронат отбасы) баланы (балаларды)  
(балалардың тегі, аты, әкесінің аты, тууы туралы қуәлігінің N, сериясы, кім және қашаң б е р і л д і )

патронаттық тәрбиелеуге (патронат отбасына) алады және тұруы, тәрбиеленуі мен оқуы, сондай-ақ дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуы үшін қажетті тұрғын үй-тұрмыстық жағдай туғызуға міндеттенеді.

3. Баланы (балаларды) патронат тәрбиешіге (патронат отбасына) беру

қорғанышылық және қамқоршылық органдардың шешімімен ресімделеді.

10 жасқа толған бала патронаттық тәрбиелеуге патронат тәрбиешіге (патронат отбасына) осы Шарттың бөлінбейтін бөлігі болып табылатын оның жазбаша келісімімен беріледі.

## Тараптардың күкүйктары мен міндеттері

4. Қорғаншылық және қамқоршылық органдының құқығы мен міндеттері:

баланы асырап-бағуға және тәрбиелеуге, оның денсаулық жағдайына бақылауды, оның мүлкін басқаруды жүзеге асырады;

оқыту мен тәрбиелеудің нысандары мен әдістерін ұсынады; патронат тәрбиешіге (патронат отбасына) мынадай күжаттарды тапсырады:

түү тұралы күәлік;

денсаулығының жағдайы туралы медициналық анықтаманы және баланың ауру тарихынан үзінді;

# б ілімі тұралы құжат;

ата-аналары туралы құжаттар (қайтыс болғаны туралы күеліктің көшірмесі, сottың үкімі немесе шешімі, ауруы, ата-аналарының іздеуде жүргені немесе ата-аналық қамкорлықтың болмауының өзге де жағдайлары туралы анықтама);

бауырлары немесе әпкелерінің болуы, олардың тұрган жері туралы анықтама;

балаға қатысты мүліктердің тізімдемесі және оның сақталуына :  
адамдар туралы мәліметтер;

кәмелетке толмағандарға бұрын тұратын түрғын үй алаңы бекітілгендігі  
тұралы құжаттар; алименттерді өндіріп алу туралы сот шешімінің көшірмесі, сондай-ақ  
жәрдемақыға, зейнетақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығын  
растайтын құжаттар.

бандаралы

Ө з г е            да            к у ж а т т а р .

5. Қорғаншылық және қамқоршылық органы білім беру басқармалары мен бөлімдері арқылы ай сайын, өткен айдың 15-нен кешіктірмей патронат тәрбиешінің (патронат отбасының) банк шотына Ережеге сәйкес белгіленген материалдық қамтамасыз ету нормасын ескере отырып, ақшалай қаражат аударуға міндеттеледі.

6. Патронат тәрбиешінің (патронат отбасының) құқықтары мен міндеттері:

оның (олардың) пікірі мен қорғанышылық және қамқоршылық органының ұсынымдарын ескере отырып, баланы (балаларды) тәрбиелеудің тәсілдерін

б е л г і л е й д і ;

білім беру мекемесі мен оқытудың нысанын таңдайды;  
баланың (балалардың) тиісті білім алуына арналған жағдайларды қамтамасыз  
е т е д і ;

баланың (балалардың) патронат тәрбиешіге (патронат отбасына) берілген  
құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді;

баланы (балаларды) тәрбиелейді, Қазақстан Республикасының қолданыстағы  
заңнамасына сәйкес оның денсаулығына, дене, психикалық, адамгершілік және  
рухани дамуына қамқорлық жасайды;

баланы (балаларды) асырап-бағу, тәрбиелеу және оған білім беруде қолайсыз  
жағдайлар туындағаны туралы қорғаншылық және қамқоршылық органын  
х а б а р д а р е т е д і .

7. Осы шарт \_\_\_\_\_ мерзімге жасалған және қол  
қойылған сәтінен бастап күшіне енеді.

8. Осы шарттың қолданыс мерзімі тараптардың өзара келісімі бойынша оның  
аяқталуына дейін \_\_\_\_\_ бұрын ұзартылуы мүмкін.

9. Осы шартты орындау процесінде тараптар арасында туындаған  
келіспеушіліктерді келісілген шешімді өзірлеу мақсатында олар туындағаннан  
кейін \_\_\_\_\_ мерзімде тараптар қарайды, ал келісімге қол  
жеткізілмеген жағдайда шешу үшін сотқа беріледі.

## Шартты мерзімінен бұрын бұзу

10. Шарт мынадай негіздемелер бойынша тоқтатылуы мүмкін:

дәлелді себептер болған жағдайда патронат тәрбиешінің (патронат  
отбасының) бастамасы бойынша (аурулар, отбасы немесе мұліктік жағдайы  
өзгергенде, баламен (балалармен) өзара түсінушілік болмағанда);

патронат тәрбиешінің (патронат отбасының) баланы (балаларды) асырап-бағу  
, тәрбиелеу және оған білім беру үшін қолайсыз жағдайларында немесе баланы (балаларды)  
ата-аналарына қайтарған немесе баланы (балаларды) асырап алған  
жағдайда қорғаншылық және қамқоршылық органының бастамасы бойынша.

11. Шарт екі данада жасалды, олардың екеуі де бірдей заң күшіне ие.

12. Осы шарттың талаптары орындалмаған кезде (шарттық бұзылу жағдайын  
көрсету) оны тараптар бұзуға құқылы.

Корғаншылық және  
қамқоршылық органы

(есеп шоты, мекен-жайы)

Патронат тәрбиеші  
(патронат отбасы)

(тегі)

қолы \_\_\_\_\_

( т е г і , л а у а з ы м ы )

ҚОЛЫ \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК